

НҮРЛЫ ЖОЛ

1991 жылдың 10 январынан
шыға бастадыӨзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Заң шығару палатасы Кеңесінің, Өзбекстан Республикасы
Олий Мажлисі Сенаты Кеңесінің және Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің газеті№39 (3304), сәрсенбі,
14 май, 2025 жылЕУРООДАҚПЕН ІС ЖҮЗІНДІК ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ
КЕҢЕЙТУ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ АТАП ӨТІЛДІ

Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзияев 13 май күні
Еуропа Одағының Орталық Азия бойынша арнайы өкілі
Эдуардс Стипрайсты қабылдады.



ЕО арнайы өкілі Еурокеңес Президенті Антониу Кошта мен Еурокомиссия Президенті Урсула фон дер Ляйеннің сәлемі мен ізгі тілектерін жеткізді.

Биыл апрель айында Самарканд қаласында өткен “Орталық Азия — Еуропа Одағы” бірінші саммитінде қабылданған қаулыларды жүзеге асыру аясында екіжақты және аймақтық ынтымақтастықты кеңейту мәселелері талқыланды.

Инвестициялық және қаржылық-техникалық ынтымақтастық бойынша жалпы құны 12 миллиард еуролық нақты жобаларды қысқа мерзімде дайындап, алға тартуға ерекше назар аударылды.

Аймақтық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер бойынша пікір алысылды, сондай-ақ алдағы шаралар жоспары қаралды.

ӨЗА

Өзбекстан Республикасы Президентінің Баспасөз қызметі суреті.

МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫНДАҒЫ ӨЗАРА
ТІМДІ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ
МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Өзбекстан Республикасының Президенті
Шавкат Мирзияев 13 май күні Ташкент қаласында өтіп
жатқан “Өзбекстан мұнай және газы” халықаралық
форумы аясында Ресейдің “Газпром нефть”
компаниясының басқарма төрағасы Александр
Дюковты қабылдады.

Ресейдің жанармай-энергетика саласындағы жетекші компаниясымен өзара тиімді ынтымақтастықты кеңейту мәселелері талқыланды.

Мұнай өнімдерін жеткізу, қазып алу

қиын кен орындарын бірлесіп игеру және саланы цифрландыру бағыттары бойынша серіктестікті дамыту мүмкіндіктері қарастырылды.

ӨЗА

ЖОЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ
САЛАСЫНДАҒЫ ЖОБАЛАР БОЙЫНША
АҚПАРАТ БЕРІЛДІ

Президент Шавкат Мирзияев жол
шаруашылығы саласындағы жұмыстардың
нәтижелілігі мен жоспарланған жобаларға арналған
тұсаукесермен танысты.

Өзбекстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 10 октябрьдегі қаулысына сәйкес, бұл салада басқару жүйесі жетілдіріліп, жолдарды салу, жөндеу және сақтау бойынша көпжылдық міндеттер белгіленген болатын. Соңғы 2 жылда осы мақсаттарға 26 триллион сум бөлініп, жалпы 40 мың шақырым жол мен 540 көпір жөнделді. Салаға тартылған шетелдік қаржы көлемі де 3 есеге артты.

Дегенмен, әлі де атқарылатын жұмыстар көп. Биыл жалпы пайдаланыстағы 7 мың шақырым жол мен 231 көпір құру және жөндеу, 13 мың шақырым топырақ жолдарға шағал төсеу, 400 шақырым цемент жабынды жолдар салу, магистралдар бойында 72 қызмет көрсету кешенін құру жоспарланған.

Тұсаукесерде жауаптылар осы мәселелер бойынша ақпарат берді. Жаңа жобаларды белгілеуде жолдардың қазіргі жағдайы мен қозғалыс қарқыны ескерілуі тиіс. Бүгінгі таңда халықаралық қаржы ұйымдарымен бірлесіп, 1 мың 200 шақырым жолды қайта құру бойынша 6 ірі жоба іске асырылуда.

Алдағы уақытта тағы 4 жоба басталуы көзделген. Атап айтқанда, Төрткүл мен Беруни қалаларын айналып өтетін А-380 магистралын қайта құру, Қарақалпақстан мен Хорезмде 516 шақырым жергілікті жолдарды толық жөндеу, Терміз — Денау және Сырдария — Бахт аралығындағы жолдарды цемент-бетон жабындысымен салу жоспарланған. Бұл жобаларға Азия даму банкі, Дүниежүзілік банк, Ислам даму банкі және Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкі қаржысымен қолдау көрсетіледі.

Мемлекетіміз басшысы ең маңыз-

ды мәселе — жолдарды сапалы сақтау екенін атап өтті. Жол бойындағы инфрақұрылымды дамыту және халыққа қолайлы жағдай жасау бойынша тапсырмалар берілді.

Қамшық асуында стационарлық бакылау бекеті іске қосылған. Мұндай бекеттерді жүк тасымалы ағыны жоғары жолдарда да ұйымдастыру қажеттігі айтылды.

Айта кету керек, шамамен 20 жыл бұрын қабылданған “Автомобиль жолдары туралы” заң қазіргі заман талабына сай келмейді. Соңғы жылдардағы реформалар мен өзекті мәселелер ол құжатта қамтылмаған.

Сондықтан бұл заң жаңа редакцияда әзірленуде. Онда, атап айтқанда, “автомобиль жолдарын жоспарлау” механизмін енгізіп, жол инфрақұрылымын халық пен экономиканың өсіп келе жатқан қажеттіліктеріне сәйкес дамыту көзделуде. Жолдарды жобалауда халық пікірі мен қоршаған ортаға әсері ескеріліп, жаяу жүргіншілер үшін кедергісіз орта қалыптастыруға қатысты нақты талаптар енгізілуде. Байланыс желілерін салу барысында жолдың бұрынғы жағдайын сақпына келтіру шығындарын өтеу талабы қарастырылуда.

Ақылы жолдардың құқықтық негіздері, арнайы бөлінген жол бойы аймақтарында қызмет көрсету нысандарын орналастыру талаптары белгіленуде. Жолдарда ауыр салмақты және ірі көлемді көліктердің қозғалысын реттеу мәселесі де қарастырылуда.

Тұсаукесерде жауапты мамандар балама жолдар салу бойынша мемлекеттік-жекеменшік серіктестік жобалары бойынша да есеп берді.

ӨЗА

СЕЙСМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ КҮШЕЙТУ БОЙЫНА
ҰСЫНЫСТАР ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Президент Шавкат Мирзияев сейсмикалық қауіпсіздікті күшейту іс-шараларына
қатысты ұсыныстардың тұсаукесерімен танысты.

Елімізде құрылыс жұмыстары ауқымды түрде жүргізілуде. 2017 жылдан бері жер-жерлерде 11 мың 410 көпқабатты тұрғын үй салынды. Бұл халықты баспанамен жеткілікті түрде қамтамасыз етуге, тұрмыс жағдайын жақсартуға қызмет етеді.

Құрылыстың негізгі бағыттарының бірі саналатын сейсмология саласы да дамытылуда. Бұл бағытта шетелдік ғылыми орталықтармен серіктестік орнатылып, инновациялық технологияларды енгізуге ерекше назар аударылуда. Сонымен қатар мемлекетіміз бұл салада бірқатар бастамалар көтеріп келеді.

1966 жылғы 26 апрельде Таш-

кент қаласында жойқын жер сілкінісі болғаны белгілі. Өзбекстан Президенті осы апат құрбандарына құрмет білдіру және бұл бағытта халықаралық ынтымақтастықтың маңыздылығын еске салу мақсатында еске алу және ынтымақ күнін белгілеу бастамасын көтерген болатын. Осы ұсыныстың мейлінше ретінде жуырда БҰҰ Бас Ассамблеясы 29 апрельде Халықаралық жер сілкінісі құрбандарын еске алу күні деп жариялау туралы резолюция қабылдады.

Осы салада халықаралық стандарттарға сай болу үшін мемлекетіміз басшысы жаңадан салынып жатқан үйлердің сапасына бақылауды күшейту міндетін жүктеген

еді. Соған сәйкес, көпқабатты үйлердің жер сілкінісіне төзімділігін арттыру және халықтың сейсмикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары қолға алынуда.

Атап айтқанда, мемлекеттік жоба институттары мамандарының қатысуымен жер-жерлерде зерделеу жұмыстары жүргізілді. Бұл зерттеулердің нәтижелері мен аумақтардың сейсмикалық жағдайын талдау негізінде жүйені одан әрі жетілдіруге бағытталған ұсыныстар дайындалды.

Ұсыныстарға сәйкес, шетелдік мамандарды жұмылдыру арқылы ғимараттарды тексерудің жаңа тәжірибесі жолға қойылады. Жер сілкінісі мен басқа да табиғи апат-

тарға төзімді үйлер салу бойынша тәжірибе алмасу кеңейтіледі. Ғимараттар техникалық құралдармен тексеріліп, анықталған кемшіліктер жойылады.

Осы зерттеулер мен шетелдік тәжірибе негізінде сейсмикалық қауіпті бағалауға қатысты нормативтік құжаттарға өзгерістер енгізіледі.

Мемлекетіміз басшысы құрылыс саласында сапа мен қауіпсіздік бірінші орында тұруы тиіс екенін баса айтып, бұл бағыттағы жұмыстарды ғылыми негізде дамыту, салаға заманауи жанасуларды енгізу бойынша тапсырмалар берді.

ӨЗА

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОЛИМПИАДА
ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ

Өзбекстан Республикасы
Мектепке дейінгі және мектепте білім беру министрлігі мен Пән олимпиадалары орталығы тарапынан ұйымдастырылған Өл-Хорезми атындағы халықаралық математика және информатика олимпиадасының жеңімпаздарын салтанатты марапаттау рәсімі Ташкент қаласында өтті.

Осы беделді байқауда математика мен информатика бағыттарында жеңімпаз болған жалпы 106 оқушы марапатталды.

Олимпиадаға Өзбекстанмен қатар Түркия, Әзербайжан, Беларусь, Малайзия, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Түркіменстан сынды 9 мемлекеттен жалпы 205

оқушы қатысты. Байқауда математикадан 34, ал информатикадан 32 ұжым бақ сынады.

Аталмыш олимпиада үстіміздегі жылдың 8-12 май күндері үшінші рет ұйымдастырылды. Оның жоғары деңгейде өтуі үшін қазылар алқасына Иран, Болгария және Тәжікстан сынды мемлекеттерден ірі тәжірибеге ие са-

рапшылар, сондай-ақ өзбекстандық профессорлар жұмылдырылды.

Математика бойынша сынақтар екі күн бойы жазба түрде болды. Әрбір күнде 4 тапсырма, олардың әрбірі 7 балдық, жалпы 28 балл, ал екі күнде ең көбімен 56 балл жинау мүмкіндігі берілді. Әрбір түр үшін 4 сағаттық уақыт белгіленді.

Информатика бойынша сынақтар екі күндік онлайн форматта өтті. Күніне 3-ден тапсырма берілді. Әрбір тапсырма ақпарат жүйесі арқылы автоматты түрде бағаланды. Қатысушыларға тапсырмаларды орындау үшін күніне 4 сағаттан уақыт берілді.

Олимпиада аясында оқушыларға шетелдік мамандардың қатысуымен көптеген

шеберлік сабақтары ұйымдастырылды. Сондай-ақ қатысушылар мен қонақтар үшін Ташкент қаласының тарихи және мәдени орындарына, мысалы, “Галаба боғи” кешені, Ұлттық бақ пен “Жаңа Өзбекстан” бағына саяхаттар ұйымдастырылды.

Аталмыш олимпиада математика мен информатика пәндері бойынша 2025 жылы июль айында өткізілуі жоспарланған Халықаралық Математика олимпиадасы және Халықаралық Информатика олимпиадасы үшін маңызды дайындық басқышы ретінде қызмет етеді.

Соңғы жылдары Өзбекстан оқушылары халықаралық олимпиадаларда жоғары нәтижелерге қол жеткізуде. Мысалы, 2022 жылы 46, 2023 жылы 91, ал 2024 жылы 128 медаль алған болса, үстіміздегі жылдың апрель айына дейін бұл цифр 65-ті құрады.

Н.УСМОНОВА,
ӨЗА-ның тілшісі.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ БАҒЫТЫ

Ташкент қаласында Өзбекстан Республикасы мен Словакия Республикасы арасындағы Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияның бірінші жиналысы өтті.

Жиналысты Словакия Республикасы Экономика министрінің орынбасары Владимир Шимонек пен Өзбекстан Республикасы Инвестициялар, өнеркәсіп және сауда министрінің орынбасары Шоҳрух Ғуломов жүргізді.

Тараптар өзара ынтымақтастықты нығайту мен дамытуға бағытталған ауқымды мәселелерді талқылады. Сауда-экономикалық ынтымақтастық мәселелеріне ерекше назар аударылды. Өзара тауар айырбастау көлемінің ұлғаюы тілге тиек етіліп, тараптар энергетика, фармацевтика, ауыл

шаруашылығы, цифрлық технологиялар және басқа да салалардағы сауданы кеңейтуге өзара мүдделі екендіктерін растады. Бұдан тыс, бірлескен көрме-лерді, форумдарды, бизнес-миссияларды ұйымдастыруға, Словакияның Экспорттық банкі арқылы экспортты қаржыландыру механизмдерін пайдалануға, сондай-ақ жеңілдетілген несиелендіруді енгізуге келісілді.

Кездесуде энергетика және қайта жанартылатын энергия көздері, ауыл шаруашылығы, соның ішінде геологиялық барлау, сирек кездесетін пайдалы

қазбаларды өндіру мен қайта өңдеу салаларындағы ынтымақтастықты дамыту болашағы қарастырылды.

Транспорт және автомобиль-жасау өнеркәсібі, халықаралық көлік дәліздерін дамыту, цифрландыру, қаржы және салық саласы, еңбек миграциясы, медициналық және сауықтыру турізімі, стандарттар, метрология, гидрометеорология, тағы басқа да техникалық, ғылыми салалардағы ынтымақтастықты нығайту жөніндегі бастамалар қолдап-қуатталатыны айтылды.

Жиналыс соңында қол жеткізілген келісімдерді қамтитын қорытынды хаттамаға қол қойылып, комиссияның кезектегі жиналысын Братиславада өткізу бойынша іс-шаралар ұйымдастыру кестесі қабылданды.

А.АҚПАНБЕТОВА,
“Нұрлы жолдың” тілшісі.



Депутат мінбері

КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАП-ҚУАТТАУДЫҢ “ҮЗДІКСІЗ ТІЗБЕГІ”

Соңғы жылдары елімізде кәсіпкерлік субъектілері мүлдем жаңа тәсілдер негізінде дамып, оларды кешенді қолдап-қуаттаудың “үздіксіз тізбегін” құру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласу мен кедергі жасау, олардың жұмысын негізсіз тоқтатып тұру кәсіпкерлікті дамытудың маңызды факторына айналған мемлекет басшысының саясатын бұзу деп бағаланатыны рас.

Сонымен қатар бұл салада рұқсат беру рәсімдерін жеңілдетіп, мерзімін қысқартқан көптеген заңдар, жарлық, сондай-ақ қаулылар қабылданды, олар негізінде рұқсаттарын ресмилендіру тәртіптері оңтайландырылып, мерзімі қысқартылды. Шамадан тыс тексерулер, сондай-ақ қолма-қол ақшаға, валютаға және шикізатқа көптеген шектеулер жойылды. Кәсіпкерлерге жасалған жағдай мен мүмкіндіктердің арқасында жаңадан ашылған субъектілер көбейіп, жұмыс істеп тұрғандары өз қызметін одан әрі кеңейтті.

Ашығын айтқанда, кәсіпкерлік жасауға қорқатын, тіпті бизнесмен екенін жасыратын кезі де болды. Ал бүгін ше? Бүгінде жағдай мүлде басқаша. Жаңа Өзбекстанда шын мәніндегі кәсіпкерлік имидж бен нағыз кәсіпкерлік орта қалыптасты десек, артық айтқандық емес. Сонымен қатар еліміздегі кәсіпкерлік экономикамыздың локомотивіне, сала өкілдері заманымыздың қаһармандарына айналды.

Айта кетерлігі, Президенттің осы салаға жоғары көңіл бөлуінің нәтижесінде елімізде “кәсіпкер болғым келеді” дейтін азаматтардың саны жылдан-жылға артып келеді. Егер мұны санмен айтар болсак, Ұлттық статистика комитетінің мәліметі бойынша 2025 жылғы 1 марттағы жағдай бойынша тек біздің республикада сауда саласында тіркелген кәсіпорындардың саны 237 776 болды. Бұл көрсеткіш 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1,1 есеге өсті. Бүгінде бір ауданда ондаған кәсіпкер өз ісін ашуда. Маңыздысы, бизнес өкілдері де күнделікті қызметінде өзгерістер мен жаңалықтарды сезіп, көріп отыр. Олар мемлекеттің қорғауында екенін біледі.

Сонымен, бұл нені көрсетеді? Мұны Президенттің кәсіпкерлермен болған ашық диалогынан анық байқауға болады. Бұл тәжірибе бизнесмендердің мәселелері мен ұсыныстарын тікелей зерделеуге және еркін диалогқа негізделген бизнесті дамытудың негізгі бағыттарын айқындауға бағытталған жұмысты жоғары деңгейге шығарады.

Мемлекет басшысының шағын және орта бизнес өкілдерімен кездесуі осындай реформалар мен диалогтын аймақтық жалғасы болды. Мемлекет бас-

шысының бизнес өкілдерімен кездесуі тек диалог ғана емес, сонымен қатар саладағы мәселелер көтеріліп, нақты шешімдер ұсынылғандықтан өте маңызды. Бұл тұрақты экономикалық өсім мен дамуға ұмтылған елімізде кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау бағытында елеулі қадамдар жасалып жатқанының айғағы.

Жемісті диалог барысында мемлекет басшысы бұл сала еліміздегі жұмыс орындарын құрудың, инвестицияның, инновацияның, бәсекелестіктің, қосылған құнның, экспортты көбейтудің ең маңызды қозғаушы күшіне айналғанын, соңғы бес жылда шағын және орта кәсіпкерлер саны екі есеге өскенін атап өтті.

Әрине, мемлекет басшысының кәсіпкерлермен жеке кездесуі кездейсоқ емес. Өйткені тікелей байланыс сенім мен үмітті арттыруда, жаңа белестерді белгілеуде, ең бастысы, бизнесмендерге бұдан да көп жеңілдік пен мүмкіндіктер жасауда пайдалы. Бұл жолы да қайталанды. Мемлекет басшысы өз сөзінде “кәсіпкерлікті қолдап-қуаттау — біздің стратегиялық жолымыз” деп атап өтуі қатысушыларға үлкен сенім мен мотивация болуда.

Бір айта кетерлігі, 10 миллион 500 мың адам, жалпы жұмыспен қамтылған халықтың 74 пайызы — шағын және орта бизнесте табыс тауып, әл-ауқатын жақсартуда. Бұл сектор өкілдері экономика көлемінің жартысынан астамын және өнеркәсіп пен экспорттың үштен бір бөлігін құрайды. Осы көрсеткіштердің

өзі шағын және орта бизнестің еліміздің экономикасы үшін қаншалықты маңызды екенін айқын көрсетеді. Президент бұл бағытты қолдау алдағы уақытта да мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып қала беретінін баса айтты.

Иә, кәсіпкерлікті дамыту оңай жұмыс емес. Ол үшін тынымсыз еңбек, ізденіс, талпыныс қажет. Заман ағымына ілеспесе, жеңіледі. Осы тұрғыдан алғанда, бұл тарихи кездесу кәсіпкерлерді, әсіресе, ісін енді бастап жатқан кәсіпкерлерді шабыттандыратын, қолдайтын, ынталандыратын маңызды алаң болады деп айтуға болады.

Осы орайда мемлекет басшысы жаңа кәсіпкерлердің “аяққа тұруына” қолдап-қуаттаудың маңыздылығына ерекше тоқталып, әсіресе алғашқы жылы жұмыс істеп жатқан кәсіпкерлер үшін бұдан былай “бірінші мүмкіндік” қағидаты енгізілетінін мәлім етті. Яғни алғаш рет әкімшілік құқықбұзушылық жасаған кәсіпкер жауапкершіліктен босатылып, олқылықты жоюға мүмкіндік беріледі. Бір сөзбен айтқанда, жаңа кәсіп ашатын кәсіпкерлер енді бірінші қателігі үшін “жауапкершіліктен сақтандырылған” болады.

Бұл кәсіпкерлікке көбірек көңіл бөлініп, кәсіпкерлік бастамаларға жан-жақты қолдау көрсетіледі деген сөз. Бұл түптеп келгенде елімізде кәсіпкерлікті дамытудың жаңа деңгейге көтерілуіне кепілдік береді.

М.АХМЕДОВА,
Олий Мажлис Заң шығару палатасының депутаты.



Науайдан хабарлар

БІР МЕКТЕПКЕ 3 МЫҢ КІТАП

Зарафшан қаласында жаңадан салынған №14 жалпы орта білім беретін мектептің оқушылары үшін Науаи облысы әкімдігі тарапынан 3 мың дана түрлі кітаптар мен компьютер сыныбы үшін 16 заманалық компьютер жиынтығы тапсырылды.

Атап айтқанда, Науаи облысы әкімі Н.Турсунов №14 мектепке барған сапарында білім ордасындағы заманауи жағдайлармен танысып, оқушылардың қалауы бойынша кітаптар мен компьютер жиынтығын сыйға тартатынын айтқан. Бүгін бұл уәде орындалды.

Үдерісте қала әкімі Назирбек Рахманов кітаптарды оқушыларға тапсыра оты-

рып, бұл кітаптар сөрелерде тұрса емес, оқушылар мұқият оқыса ғана құнды болатынын ерекше атап өтті.

Сондай-ақ жасалған мүмкіндіктерді тиімді пайдаланып, қала, облыс және елдің абыройын халықаралық деңгейде танытатын білімді, жетілген, отансүйгіш жастар болып өсу қажеттігін айтты.

КӨПҚАБАТТЫ ҮЙЛЕРДІҢ ҚАУІПСІЗДІГІ КҮШЕЙТІЛУДЕ

Науаи қаласының әкімі Дилмурод Эргашев Өзбекстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 1-санды қаулысының орындалуын қамтамасыз ету аясында қала прокуроры, ішкі істер бөлімінің бастығы және тиісті коммуналдық сала ұйымдарының өкілдерімен бірге көпқабатты үйлердің кіреберістеріне заманауи домофон құрылғыларын орнату бойынша атқарылып жатқан жұмыстармен танысты.

Президент қаулысында белгіленгендей, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қылмыстың алдын алу, қоғамдық тәртіпті нығайту және махаллаларда әлеуметтік ортаның тұрақтылығын қамтамасыз

ету бүгінгі күннің өзекті міндеттерінің бірі. Әсіресе, көпқабатты үйлерде тұратын тұрғындардың тыныштығы үшін кіру-шығу бақылау жүйесін жолға қою басым бағыттардың бірі болып саналады.

Кездесуде әкім домофон құрылғыларының техникалық мүмкіндіктерімен, олардың орнатылуымен, пайдалану бойынша азаматтарға түсіндіру жұмыстарымен, сондай-ақ қаржылық және ұйымдастырушылық жақтарымен танысты. Құрылғылар толық іске қосылғаннан кейін әрбір көпқабатты үйге бөтен адамдардың кіруіне жол берілмейді, бұл қауіпсіздік деңгейін айтарлықтай арттырады.

Қала әкімі жауаптыларға құрылғыларды сапалы және белгіленген мерзімде орнату, сондай-ақ тұрғындардың осы жүйені пайдалану дағдыларын арттыру бойынша жауаптыларға нақты тапсырмалар берді.

Г.ТӨРЕХАНҚЫЗЫ

Байқау

ІСКЕР ӘЙЕЛ – ЕЛ ТІРЕГІ

Елімізде соңғы жылдары нәзік жандылардың қоғамдағы орны, әсіресе кәсіпкерлік саласындағы белсенділігіне ерекше назар аударылуда. Осы бағыттағы игі бастамалардың бірі – ӨзЛиДеП партиясы жүзеге асырып жатқан “Іскер әйел – 2025” байқауы. Ол әйелдердің шеберлік сайысы болумен қатар, ерік-жігерін, іскерлігін, азаматтық жауапкершілігін танытатын үлкен алаң.

Биыл аталған байқаудың махалла деңгейіндегі басқышы жаңа серпінмен, тың шабытпен өтіп жатыр. Әсіресе Ақжарған ауданындағы байқау көпшілікті елең еткізді. Ауданның “С.Рахимов”, “Уста Нормат”, “Султонобод”, “Халқабод”, “Маданият”, “Әлтамағали”, “Сувти”, “Толовул”, “Навруз”, “Зарафшон”, “Қахрамон”, “Зарбдор”, “Гүлистон”, “Ешлик” махаллаларында өткен сайыстарда талабы асқақ, арманы биік кәсіпкер әйелдер өз мүмкіндіктерін жан-жақты танытты.

Байқауда кез келген әйел өзінің тек қолөнер шебері немесе кәсіпкер ғана емес, сонымен қатар жаңашыл ойлы, экономикалық үрдістерді ғына алатын, болашағына сеніммен қарайтын жан екенін дәлелдеді.

Атап айтқанда, “Ойдин гуллар” жекеменшік кәсіпкерлігінің негізін қалаушы Муаттар Зайнова өз өнімдерін тек ішкі базарда ғана емес, экспортқа да шығаруға ұмтылуда. “Кандолатчи Шахноза” шеберханасының жетекшісі Шахноза Бердибоева ұлттық дәмдерімізді жаңа технологиямен үйлестіре отырып, базарда өз орнын тапқан. Сондай-ақ Дилбар Эргашева мен Рохила Раимжоновна сынды шеберлер өз тігін цехтарында ондаған әйелге тұрақты жұмыс ұсынып, табысты кәсіпкер болумен қатар, еліміз дамуына лайықты үлес қосуда.

Қазылар алқасы үміткерлердің іскерлік жобаларын бағалауда экспорт-импорт әлеуетін, инвестициялық серіктестік ор-

нату деңгейін, сондай-ақ әлеуметтік жауапкершілік, яғни аз қамтылған, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға көрсетілген қолдауын басты назарға алды.

“Іскер әйел – 2025” байқауы әйелдің тек отбасының ғана емес, қоғам мен экономиканың да тірегі бола алатынын дәлелдеген рухани-іскерлік алаң. Мұнда әйел затының болмысындағы төзімділік, жауапкершілік пен жаңашылдық қатар өріліп, шынайы табысқа бастайтын жолдардың бірегей мысалдары көрініс тапты.

Ауыл-аймақта тұрып-ақ өз кәсібін дөңгелеткен, өзгеге де жұмыс беріп, қоғамға үлес қосып жүрген әйелдердің жетістігі бұл мемлекет жүргізіп отырған әлеуметтік-экономикалық саясаттың да жемісі. Мұндай байқаулар тек үздіктерді анықтап қана қоймай, мыңдаған әйелге шабыт, жаңа бетбұрыс, серпін сыйлайды.

Әйелдің жетістігі — бүкіл қоғамның өркендеуі. Сондықтан да “Іскер әйел — 2025” байқауының әрбір қатысушысы жеңімпаз болумен қатар, өзгеге жол көрсеткен, өзінен кейінгілерге үміт сыйлайтын тұлға.

Кәсіп пен қайраткерлікті ұштастыра білген аналар мен қыз-келіншектер — ел болашағының тұтқасын берік ұстайтын рухты буын. Олар барда қоғам мықты, ел тұрақты, келешек нұрлы болмақ.

Ерсейіт БАТЫРБЕКОВ,
“Нұрлы жолдың” тілшісі.

Қоғамдық тәртіп пен мәдениет

ТӘРБИЕ АЙНАСЫ

Қоғам дамуының басты көрсеткіштерінің бірі — қоғамдық тәртіп пен мәдениет. Бұл ұғымдар тек құқықтық және нормалар жүйесі ғана емес, сонымен қатар ұлттық рухани дамуының айнасы саналады. Тәртіп пен мәдениет жеке тұлғаның ішкі жан дүниесінің айнасы болса, бүкіл қоғам үшін оның өркениеттің деңгейін айқындайтыны маңызды.

Тәрбиенің негізі — отбасында қаланады, бала кішкентайынан ата-анасының мінез-құлқына қарап өседі, үлкенді сыйлау, таза-лық сақтау, кезек сақтап сөйлеу, тәртіпке бағыну бәрі де отбасында көрген тәрбиенің жемісі. Қоғамдық тәртіп бұл азаматтардың құқықтары мен міндеттеріне негізделген, заңдар мен қоғамдық нормаларға бағынуы. Мәдениет адамның өзін-өзі ұстауында, қарым-қатынасында қоршаған ортаға деген көзқарасында сыпайы жауапкершіліктің көрінісі. Осы екі ұғым адам тәрбиесінің нәтижесі ретінде тығыз байланысты дамиды. Жақсы тәрбие көрген адам қоғамдық орында өзін лайықты ұстайды, өзгелерге құрметпен қарап мәдениетті қарым-қатынас жасай алады. Мәдениетті азаматтардан құралған қоғамда тыныштық пен тәртіп орнайды. Қоғамда орын алып жатқан көптеген келенсіздіктер тәрбиенің

әлсіздігінен келіп шығады, сондықтан болашақ ұрпақты тәрбиелеуде тек білім берумен шектелмей, олардың мәдениетін арттыру тиіс. Әр ұрпақтың адамгершілігін азаматтық жауапкершілігін де қалыптастыруға көңіл бөлу шарт. Ұрпағы тәрбиелі елдің болашағы да жарқын көрінеді. Қоғам — күрделі әлеуметтік құрылым. Оның үйлесімді дамуы азаматтардың тәртіптілігіне, мәдениетіне және рухани-адамгершілік қасиеттеріне тікелей байланысты.

Адамның қоғамдағы орнын, басқа азаматтарға деген қарым-қатынасын, жалпы өмір салтын осы екі ұғым арқылы тануға болады. Мысалы, қоғамдық тәртіп — қоғам мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруы барысында заң мен ережелерге сай әрекет ету дегені.

Тәртіптің сақталуы — замның орындалуымен ғана емес, жеке адамның ішкі са-

насы мен тәрбиесіне де байланысты. Заңды білмей немесе оны елемей әрекет ететін адам қоғамның дамуына кедергі келтіреді.

Мәдениет — адамның сыртқы ғана емес, ішкі болмысының, рухани дүниесінің, сана-сезімінің айнасы. Мәдениетті адам — ұқыпты, сыпайы, жауапты, өз әрекеттерінің салдарын ойлана білетін тұлға. Ал мәдениетсіздік — тек жеке адамға емес, тұтас қоғамға зиян тигізетін фактор.

Тәрбиенің қоғамдық тәртіп пен мәдениетке әсері үлкен. Тәрбие — қоғамдық тәртіп пен мәдениетті қалыптастырудағы негізгі құрал. Ол үш деңгейде жүзеге асады. Яғни отбасында — алғашқы әдеттер мен құндылықтар қалыптасады, мектепте — білім мен қоғамдық сана дамиды, қоғамда — тұлға өзін әлеуметтік ортада танытады.

Қоғамдық тәртіп пен мәдениет халықтың санасы мен тәрбиесінің биік деңгейінің айнасы. Бұл екеуінің үйлесімділігі арқылы нағыз өркениетті дамыған қоғам құруға тиіс болады. Әрбір азамат өзін тәрбиелі ұстап қоғам жауапкершілігін сезінгенде ғана бірлік болады.

Мадина ОРЫНБАЕВА,
Шыршық мемлекеттік педагогика университетінің 1-курс студенті.



ұстазға жаңа мүмкіндіктер ұсынады. Біріншіден, педагог кәсібі тұрғыдан өсу мүмкіндігіне ие болады. Екіншіден, жаңа әдістемелер мен заманауи білім беру технологияларын меңгереді. Үшіншіден, бұл қадам ұстаздың қоғамдағы мәртебесін арттыруға жол ашады.

Осы бастама — елдің бола-

шағы саналатын жас ұрпаққа сапалы білім беру ісіне қосылған зор үлес. Ұстаз — ұлттың тірегі десек, олардың білімі мен біліктілігін арттыру — мемлекет саясатының басты басымдығы болуы заңдылық.

Айдана МЕДЕНОВА,
“Нұрлы жолдың” тілшісі.

Ендігі басты жаңалық — 2026/2027 оқу жылынан бастап жоғары санатты педагогтар үшін мақсатты магистратура бағдарламасы жолға қойылады. Ең басты ерекшелігі — бұл бағдарлама қашықтықтан оқыту формасында ұйымдастырылады. Яғни тәжірибелі ұстаздар жұмыс орнынан қол үзбей-ақ, өз білімін әрі қарай тереңдете алады. Бұл уақыт талабына сай жасалып жатқан маңызды қадам.

Магистратура бағдарламасы ақылы түрде жүзеге асырылады, дегенмен қабылданатын ұстаздарға қойылатын талаптар да жоғары. Атап айтқанда, тек халықаралық ұйым тарапынан аккредитациядан өткен жүйеде жоғары санат алған педагогтар ғана осы бағдарламаға қатыса алады. Бұл білім беру сапасына қойылған жоғары талаптың көрінісі.

Қашықтықтан магистратура —

Өндіріс орындарында

КОМБИНАТТАҒЫ ТРАНСФОРМАЦИЯ ҮДЕРІСІ

Мысты байыту фабрикасында руданы байыту үдерісінде машинада көзбен бақылау жобасы енгізілуде. Мұның нәтижесінде металдарды ажыратып алуды тұрақтандыру және реагентті салыстырмалы жұмсауды ірілендіру 2 пайызға артады. Осы сынды мәселелерге орай, Алмалық кен-металлургия комбинаты Өзбекстан Республикасы Президенті Өкімшілігінің құззырындағы Ақпарат және бұқаралық коммуникациялар агенттігінде “Алмалық кен металлургия комбинатында трансформация үдерісі” тақырыбында баспасөз конференциясын ұйымдастырды.

Шарада Цифрландыру департаментінің директоры міндетін атқарушы А.Рузикулов, Трансформация, ЕСГ және халықаралық рейтингтер жобасы офисінің Тұрақты даму бөлімінің (ЕСГ) басшысы Р.Ахмедов, Трансформация бөлімінің басшысы Х.Турдалиев, сондай-ақ бұқаралық ақпарат



құралдарының өкілдері қатысты. Баспасөз конференциясында АКМК-да трансформация үдерісі бойынша толық мәлімет берілді. Соған байланысты дәл қазірде комбинатта трансформация үдерісі қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттарына өту, Стратегия және операциялық нәтижелілік, Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру, Тұрақты даму (ЕСГ), Цифрландыру сынды

бағыттарда жүзеге асырылуда. Алмалық кен металлургия комбинаты тиімді ғана емес, ұзақ мерзімді болашақта тұрақты және бәсекеге қабілетті болуы үшін кәсіпорында Трансформация, ЕСГ тәртібі және халықаралық рейтингтер жобалық офисі ұйымдастырылды. Бұл топ жариялылық есеп



тұрақты прогноз) халықаралық несие рейтингтерін алу, сондай-ақ делдалсыз тікелей халықаралық банктерден қаржыландыруды жұмылдыру мүмкіндігін берді. Мұның нәтижесінде АКМК 2,3 миллиард долларлық несие қаржысын жұмылдырып, 125 миллион долларлық қаржылық қаражатты үнемдеді. Сондай-ақ комбинат 56 ұлаймен Sustainable Fitch тарапынан үшінші дәрежелі ЕСГ рейтингіне ие болды. Бұл Өзбекстандағы сала кәсіпорындарының арасындағы ең жоғары көрсеткіш саналады. Сонымен қатар комбинатта коррупцияға қарсы күресу және сатып алулар ашықтығына да баса назар аударылып, КПМГ тарапынан аудит өткізілді. Бұл өз кезегінде нәтижелілікті арттыру жолдарын анықтап берді. “PwC Central Asia and Caucasus” компаниясы сәйкестік және қаржылық тұрақтылық бойынша кеңестер берді. Қазірде АКМК “жауапкершілікті мыс өндіруші” ретінде “The Corper Mark” халықаралық сертификаттаудан өтуде. Бұл өнімдердің Еуропа базарында бәсекеге қабілеттігін қамтамасыз етеді және экологиялық бағытталған инвестицияларды көбірек жұмылдыру мүмкіндігін береді. Сондай-ақ шарада комбинатта цифрландыру бойынша атқарылған істер жөнінде мәліметтер берілді. — Мысалы, есеп-қисап және қаржылық есептер енді 1S:ERP жүйесі арқылы автоматты түрде қалыптастырылады, — дейді “Алмалық КМК” акционерлік қоғамы Цифрландыру департаментінің директоры міндетін атқарушы

АКМК-ның Ақпарат қызметі.

Тамыры тереңнен...

АДАЛДЫҚПЕН ӨРІЛГЕН ӨМІР

Адамның ғұмыры өлшеммен емес, өрнегімен бағаланады. Біреу ғасыр жасайды да, соңында із қалдырмай кетеді. Біреу жарты ғасыр да өмір сүрмейді, бірақ жүректерде шырақ болып жанады. Ағабек Бектаев — сондай жан. Өмірінің әр сәтін мағыналы еткен, асыл ұстаз, шебер спортшы, шын азамат ретінде ел есінде қалған абзал аға.



1975 жылдың 8 апрелінде Ташкент облысы, Құйышырышқ ауданының “Қожа ауыл” — бүгінде “Қызыл Намуна” аталатын елді мекенде, қарапайым еңбек адамы мен зиялы ортаның тоғысқан бір шаңырағында Ағабек дүние есігін ашты. Жастайынан алғыр, сезімтал, зерек болып өсті. Табиғатынан спортқа жақын, батыл да қайсар мінезі ерте танылды. Мектеп жасынан-ақ түрлі жарыстарда дара көрініп, дене тәрбиесі пәнінен аудан мен облыс көлеміндегі жарыстарда үнемі алдыңғы қатардан табылды. Қай ортада жүрсе де, алда болуға

ұмтылды. Бұл — оның табиғи болмысы еді. Жас күнінен-ақ спортты өмірінің өзегі еткен Ағабек Сырдария облыстық спорт колледжінде кәсіби білім алып, кейін туған мектебіне оралып, ұстаздық жолын бастады. Қарапайым дене шынықтыру пәнінің мұғалімі ретінде емес, жас ұрпақтың жігерін жанитын рух беруші, намысқа суарылған нағыз спорт шебері ретінде шәкірттері арасында беделге ие болды. Уақыт өте келе ол Ташкент облысы, Шыршық педагогикалық университетінің Дене тәрбиесі және мәдениет

факультетіне оқуға түсіп, білім жолын жалғастырды. Алайда тағдыр оған бұл жолды толықтай аяқтауға мүрсат бермеді — ауыр дерт бесінші курстың тұсында бөгет болып, мемлекеттік емтихан тапсыра алмай қалды. Бұл оның өміріндегі еріксіз үзіліс, іште кеткен арманы еді. Ағабек ағаны білетіндер оны футболсыз көз алдына елестете алмайды. Футбол — оның тынысы, жан қуаты, жан жүрегінің бөлшегі еді. Ауылдағы әр бала оны “Пелеміз”, “Марadonaмыз”, бүгінгі тілмен айтқанда “өзіміздің Мессий-

міз, Роналдомыз” деп атайтын. Онсыз бірде-бір ауылдық жарыс өтпейтін. Оның ойыны — өнер, шеберлік, шынайы ықылас болатын. Республикалық, тіпті қазақстандық футбол командаларынан арнайы шақыртулар келгенімен, Ағабек бар жауапкершілікті өз мойнына алып, отбасы мен інілерінің болашағы үшін ауылдан аттап баспады. Ол — өз мүддесінен ел мүддесін биік қойған азамат еді. Ташкент облысы көлемінде өткен көпкүрес жарысында Ағабек өзі оқыған №23 мектептің намысын қорғап, кәсіби спорт мектептерінің құрамасын тізе бүктіргенде, сол сәт тарихқа айналды. Қарсыластардың: “Біз шынымен жай мектеп мұғалімдерінен жеңілдік пе?!” деген танданысы — ауыл мұғалімінің ерлігін мойындаған сәт болатын. Бұл — тек спорттық жеңіс емес, рухтың, еңбекорлықтың, қарапайымдылықтың жеңісі еді. Ағабек ұстаз — жай ғана дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі емес, балалардың сырласы, досы, бағыт-бағдар беретін ақылшысы еді. Ол спортты сую арқылы өмірді сүюді үйретті. Балалармен сөйлескенде ерекше ілтипат танытып, әрқайсысын тұлға ретінде қабылдай білді. Ол шәкірттеріне тек жаттығу жасап үйреткен жоқ, оларға өмірлік дағды, мақсат қоя білу мен табандылықтың не екенін көрсетті. Ағабек Бектаев 49 жасында өмірден өтті. Бұл — ерте үзілген тағдыр, тым

қысқа ғұмыр. Бірақ оның артында қалған өміршен мұрасы, жүректерде жатталған бейнесі — ешқашан ұмытылмайды. Ол — ұрпаққа үлгі, ауылға мақтаныш, достарына ардақты аға болып қала береді. Ағабек Бектаевтың өмір жолына үйінсек, онда даңғыл даңқтан гөрі, мағыналы мән жатыр. Ол — атакұмай, абырой тауып, мансап іздемей-ақ, мандай терімен ел құрметіне бөленген азамат. Ауылда жүріп-ақ ұлттың рухын көтерген, шәкірт тәрбиелеу арқылы ел болашағына үлес қосқан тұлға. Оның ғұмыры бізге бір ақиқатты тағы да дәлелдейді: нағыз ерлік — атақ пен марапатта емес, күнделікті еңбекте, адал қызмет пен жүрек жылуында. Ағабек ағаның өмірі — ұстаз деген ұлы есімге лайықты болудың жарқын үлгісі. Ол тек дене тәрбиесін ғана емес, өмір тәрбиесін үйретті. Балаларға шабыт, достарына тірек, туған жеріне тіреу бола білді. Ол кеткенмен, артында ұмытылмас із қалды. Қаншама оқушыны спортпен сусындатып, әр мінезге баулыды. Оның әр сөзі, әр қимылы — бүгінгі күннің үлгісіне айналды. Біз оны жуырда ағаға арнап өткізілген еске алу турнырінен де айқын байқадық. Иә, біз мұндай жандарды тек еске алып қана қоймай, олардың өмірлік жолынан тағылым ала білуіміз қажет. Ағабек ұстаз — мәңгілікке өз ауылымен бірге жасайтын есім. Өйткені оның салған жолы — таза, тұнық, шыншыл жол. Ондай жол ұмытылмайды. Ол — жүрекпен-жүрекке жалғасып жатады.

Үсенбай БАТЫРБЕКОВ, “Нұрлы жолдың” тілшісі.



Тіршілік көзі

СУ ҚОЙМАЛАРЫНА — ЦИФРЛЫҚ БАҚЫЛАУ

Жаңа Өзбекстанда жүзеге асырылып жатқан ауқымды реформалар нәтижесінде елімізде өнеркәсіп салаларын жаңғырту, техникалық және технологиялық тұрғыдан қайта жнхаздау мен автоматтандыру мүмкіндіктері пайда болды.

Бүгінгі таңда су электр станциялары (СЭС) мен су қоймалары және ондағы гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіз әрі тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етуде заманауи цифрлық технологияларды енгізу, бақылау-өлшеу құрылғыларынан алынатын мәліметтерді адам факторынсыз автоматты түрде диагностикалау және онлайн мониторинг жасау ерекше маңызды болып отыр. Осыған орай, “Узбекгидроэнерго” АҚ алғаш рет Өзбекстанда гидротехникалық құрылыстарды цифрландыру мақсатында АҚШ, Канада, Ұлыбритания, Швейцария, Италия, Словакия және Қытайдың беделді компанияларының озық тәжірибесін зерделеп, заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялар көмегімен техникалық және ұйымдастырушылық үзілістерді жою әрі ақпараттық жүйелердің бірыңғай кешенін енгізу арқылы гидрoэнергетика саласындағы гидротехникалық нысандардың қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған ақпараттық жүйелердің бірыңғай кешенін — “Жағдайлар орталығын” іске қосты. Аталған орталық аумақтардағы жүйелердің үздіксіз жұмысын қамтамасыз етіп, Қоғам қарамағындағы 6 су қоймасын және 80-нен астам ірі және шағын СЭС-ті нақты уақыт режимінде толық бақылау мен талдау мүмкіндігі берді. Сонымен қатар терең зерттеулер нәтижесінде Қоғам қарамағындағы су қоймаларының қауіпсіз жұмысын қамтамасыз ету мақсатында барлық бақылау-өлшеу құрылғыларына заманауи датчиктер орнатылып, мәліметтерді жоғары анықтықпен онлайн түрде жеткізу, су қоймаларының қауіпсіздік жағдайын тұрақты түрде бақылау және оқиғаларды автоматты түрде электронды тіркеу жүзеге асырылды. Бұл ретте, Италияның беделді “SISGEO” компаниясының 1 мың 500-ге жуық заманауи және жоғары дәлдіктегі құрылғылары мен жабдықтары нысандарға орнатылды. Осы арқылы алынатын мәліметтердің сенімділігі мен жеделдігі артып, су қоймаларындағы гидротехникалық құрылыстар үшін жасалған сандық және сапалық диагностика көрсеткіштерімен байланысты қауіпсіздік өлшемдерін адам факторынсыз онлайн бақылау, бағалау, оларды жедел талдау және тиісті шараларды белгілеу мүмкіндігі жасалды. Тағы бір маңызды жайт, жүзеге асырылған барлық цифрландыру және автоматтандыру шаралары аясында елі-

мізде алғаш рет жергілікті мамандарды тарта отырып, су қоймалары үшін “Қауіпсіздік өлшемдері” әзірленді. Бұл өлшемдер су қоймаларын қауіпсіз пайдалану бойынша нақты көрсеткіштерді белгілейді. Бүгінде “Узбекгидроэнерго” АҚ қарамағындағы су қоймаларында толық автоматтандырылған жүйе қалыптастырылды. Бұдан тыс, Германияның “Жер зерттеулер орталығы” тарапынан ұсынылған “Орталық Азиядағы су” жобасы аясында аумақтағы су қорларын анықтау және тұрақты ғарыштық бақылауға негізделген су қорларын мониторингтеу үшін “MODSNOW” бағдарламасы жүйесі енгізілді. Бұл бағдарламалық қамтама арқылы жасанды жер серігінен алынған фото және бейне мәліметтер көмегімен математикалық есептеулер жүргізу арқылы қар қорын жоғары дәлдікпен есептеу мүмкіндігі жасалды. Жүйедегі барлық СЭС пен су қоймаларында орталықтандырылған ІР-телефония жүйесі пайдалануға берілді. Заманауи талаптарға сай, жүйе кәсіпорындарында интеллектуалды бейнебақылау жүйелері орнатылды. Барлық кәсіпорындар мынанан астам жаңа буын бейнекамераларымен жабдықталып, “Жағдайлар орталығына” мәліметтерді тікелей онлайн түрде жіберу қамтамасыз етілді. Сонымен қатар кез келген ақпараттық жүйеде ақау немесе техникалық үзіліс орын алса, оны Орталық арқылы жедел анықтап, жою мүмкіндігі бар. Ең бастысы, “Жағдайлар орталығының” құрылуы нәтижесінде гидроэнергетика саласындағы барлық ақпараттық жүйелерді бірыңғай кешен арқылы бақылау механизмі жолға қойылды. Әрине, кез келген ақпараттық жүйе мен бағдарламалық қамтама енгізілсе, оның қауіпсіздігі де қамтамасыз етілуі тиіс. Осы мақсатта Қоғам тиісті ұйымдармен бірлесіп отырып, киберқауіптерді анықтау және оларға жедел шара қолдану, деректердің құпиялығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, үшінші тараптардың заңсыз мақсаттарда пайдалануының алдын алу бойынша нақты шаралар қабылдады. “Узбекгидроэнерго” АҚ бұл жетістіктермен шектелмей, алдағы уақытта да цифрлық реформаларды жалғастыруды, энергетика саласын жаңа сатыға көтеруді басты міндеті ретінде айқындап отыр. Жаңа “Жағдайлар орталығы” — осы үлкен мақсат жолындағы берік негізге айналды.

Ерсейіт АБДУРАХЫМҰЛЫ, “Нұрлы жолдың” тілшісі.

Тілсіз жау

КӘСІПОРЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ

Өндірістік кәсіпорындарында өрттің алдын алу және өртті сөндіру шаралары кең жұртшылыққа сүйене отырып, жетқардағы барлық жұмысшы-қызметкердің қатысуымен жүргізіледі. Кәсіпорындар мен ұйымдарда өрт қауіпсіздігі қызметі тарапынан қойылған талаптар мен ережелерге көңіл бөлу жұмысшы-қызметкерлердің негізгі міндеті саналады. Қолданыста ақауы бар техникалық құралдарды пайдаланбау, компьютерлер мен басқа да электр құрылғыларын пайдалану ережелеріне көңіл бөлу, сондай-ақ белгіленген жерде ғана темекі шегу, т.б. Кез келген жұмыс орнындағы өзіндік ережелер мен ішкі талаптардың қалтқысыз орындалуы, алдымен жұмысшы-қызметкерлердің мүддесіне, сондай-ақ ұйым немесе кәсіпорынның қызметіне оңды әсерін тигізбек.

Д.ЖУРАЕВ, Өлішер Науаи атындағы Ұлттық кітапхана ғимаратында ОҚТБ-ның инспекторы.

